

**Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім
бөлімінің «Айлин» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны**

Әкімшілік жиналыс (Меңгеруші жанындағы кеңес)

Хаттамасы № 1

11.09.2023 жыл

Қатысқандар – бөбекжай - бақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Балабақша ішілік еңбек тәртібін 2023-2024 оқу жылына бекіту
2. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптары бойынша заттық дамытушы орталықтарды жаңарту
3. Педагог мамандардың жаңа оқу жылында жүргізетін іс-құжаттарын сараптау, тексеру, бекіту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Б. Сеилова балабақша ішілік еңбек тәртібімен таныстырып өтті. Еңбек тәртібін орындамау, яғни, қызметкердің кінәсі бойынша оған жүктелген міндеттердің орындалмағаны немесе сапасыз орындалғаны үшін келесі тәртіптік жазалар қарастырылған:

- а) ескерту;
- б) сөгіс;
- в) қатаң сөгіс;
- г) жұмыстан шығару (лауазымына сәйкес келмеу).

Тәртіптік жазаны, өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген құқықтардың аясында, әкімшілік тағайындайды.

Әр бұзушылық үшін тек бір тәртіптік жаза қолданыла алады.

немесе ауызша түсініктеме беру жаза қолданудан босатпайды. Жаза мектепке дейінгі ұйым бойынша бұйрықпен жарияланады. Бұйрықта қандай лауазымдық міндеттер бұзылғаны, еңбек тәртібі қалай бұзылғаны нақты аталып, жаза қолдану негіздері көрсетіледі. Бұйрық қызметкерге, оған қол қойылғаннан кейін үш күн мерзімінде, қолхат арқылы жарияланады. Тәртіптік жаза қолданылғаннан кейін 6 ай мерзімінде қызметкер жаңа тәртіптік жазаға тартылмаса, ол тәртіптік жазасы жоқ болып саналады. Жұмыс беруші тәртіптік жаза қолданылғаннан кейін 6 ай мерзімінен бұрын оны өзінің бастамашылығымен, қызметкердің, оның тікелей басшысының немесе қызметкерлердің уәкілетті органының өтініші бойынша алып тастай алады. Тәртіптік жаза ретінде жұмыстан шығару келесі жағдайларда қолданылады тәртіптік жазасы бар қызметкердің өзінің еңбек және лауазымдық міндеттерін орынды себептерсіз бірнеше рет орындамағаны үшін; жұмысқа шықпағаны, жұмыс орнында орынды себепсіз 3 сағаттан артық уақыт болмағаны үшін;

**Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім
бөлімінің «Айлин» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны**

Әкімшілік жиналыс (Меңгеруші жанындағы кеңес)

Хаттамасы № 2

01.11.2023 жыл

Қатысқандар – бөбекжай - бақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Апталық тәрбие шараларының циклограмма жоспар журналдарын тексерудің нәтижесі
2. Жалпы топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулары және түскі гигиеналық шараларды орындау қорытындысы
3. Тиімді теңгерімді тамақтануды ұйымдастыру бақылау қорытындысы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева тәрбиешілердің циклограммаларын тексеріп, нәтижелерін айтып өтті. Жалпы циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде балабақшаның кестесіне сәйкес жүргізілген. Әр аптаға құрылып, баланы қабылдаудан бастап, серуені, ұйқыны ұйымдастыруы, балалардың үйіне қайтуына дейінгі күн тәртібінің орындалуы қамтамасыз етілген. Және де төртінші мәселе мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемесімен таныстырып өтті. Мониторинг дегеніміз не? Оның есептеу әдістемесі, бақылау парағын толтыру, жеке даму картасын дұрыс толтыру туралы түсіндіріп өтті. Көптеген өзгерістер бар, солармен таныстырып өтті. Аралық мониторингті жасап білім бөліміне тапсырылуын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева барлық топтар таңертең балаларды қабылдаған сәтте күнделікті таңғы жаттығу жасалынсын. Барлық балалардың түскі астан соң тазалық гигиеналары сақталсын.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша диетологы Ұ. Кулбаева тиімді теңгерімді тамақтануды ұйымдастыру бақылау қорытындысы жақсы нәтиже көрсетті.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Қаралған мәселелер жақсы деп танылсын.

Меңгеруші
Хатшы



Б. Сеилова
Ж. Нурдилдаев

Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім бөлімінің
«Айлин» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық

казыналық кәсіпорны

Әкімшілік жиналыс (Меңгеруші жанындағы кеңес)

Хаттамасы № 3

01.03.2024 жыл

Қатысқандар – бөбекжай - бақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Мерекелік ертеңгіліктер мазмұны мен сапасын талқылау
2. Білім сапасы мен мазмұндылығын бақылау нәтижелері. Қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет, сурет салу мен мүсіндеу ұйымдастырылған іс-әрекет дағдыларының сапасы
3. «Бестемше» ұлттық ойын құралы арқылы балалардың логикалық ойлау қабілетін арттыру. Ересек, мектепалды топтары

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі

Б. Сеилова мерекелік ертеңгіліктердің мазмұны мен сапасын талқылау барысында педагогтардың креативті идеяларымен іс әрекеттері жақсы нәтижені көрсетті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері

Ж. Нурдилдаева қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет, сурет салу мен мүсіндеу ұйымдастырылған іс-әрекет дағдыларының сапасы жақсы деңгейде болу үшін күнделікті іс-әрекетке түрлі көрнекіліктер көбейтіліп ойындар ойнатылсын. Білім сапасы мен мазмұндылығын бақылау нәтижелері бойынша барлық топ жақсы нәтиже көрсетті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Г. Шамшиева еліміз тәуелсіздік алып, рухани жаңғыру жолына түсті. Ата-бабадан бүгінгі ұрпаққа мұра болып жеткен ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, оларды терең зерттеп, кеңінен насихаттауға мүмкіндік туды. Бүгінгі таңда өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі басты міндеттердің бірі – ұлтжанды, елін сүйетін, халық дәстүрін құрметтейтін, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өскен азамат тәрбиелеу болып табылатыны анық. Қазіргі таңда көп ұлттық ойындар ойналмай ұмытылып қалды. Соның бірі- Бестемше. Ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында балабақша балаларына “Бестемше” ойынын үйретуді, сол арқылы ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыруды көздеп отырмыз. Міндеттері: Балаларға ойын әдістерін үйрету; - педагог мамандардың кәсіби біліктілік деңгейін арттыру; - «Бестемше» ұлттық ойынын қолдана отырып} балалардың логикалық ой-өрісін дамыту; - тәрбиешілерге арналған «Бестемше» әдістемелік көмекші құралдар дайындау.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Ұлттық ойындар іс- әрекетке пайдаланылсын

Меңгеруші
Хатшы



Б. Сеилова
Ж. Нурдилдаева

жұмыс орнында мемлекеттік мүлікті ұрлау, талан-таражға салу, мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру туралы заңды күшіне енген сот үкімінің немесе әкімшілік жаза қолдануға уәкілетті органның қаулысының негізінде;

білім беру мекемесінің Жарғысын бір жылдың ішінде қайталап өрескел бұзғаны үшін.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева Заттық-дамытушы ортаны құру компоненттерінің қажеттігі, басқа да білім беру ұйымдарынан өзгешілігі, мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үрдістердің ерекшелігі. Мектепке дейінгі педагогика-бұл МДҰ педагогикалық үрдісті ұйымдастырудың теориясы мен жеке бағыттары. педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда міндетті түрде аталған мәселеге, яғни көрсетілген талаптары мен айқындалған зоналарға жеткілікті көңіл бөлу. стандарт талаптарына сай негізгі білім беру бағдарламалары мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру салаларында («Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік») тәрбиеленушілеріне жекебас ерекшеліктері мен жас ерекшелік мүмкіндіктеріне сәйкестігі.

Білім беру бағдарламаларын шешу міндеттері бала мен ересектердің бірлескен іс-әрекеттерін ғана қарастыруға болмайды, балалардың шығармашылық іс-әрекеттерін, сонымен қатар, күн тәртібін жүргізу барысында қарастырған жөн.

Мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы ортаны ұйымдастыру стандарт құрылымына қарай, әр баланың жеке дара дамуына, олардың бейімділігі, қызығушылығы, белсенділік деңгейлерінің тиімділігі қажет. Бұл үшін заттық ортаның элементтерін сондай-ақ, балаға эмоционалдық қозғалыс іс-әрекеті, танып білуге қатысты жағдай жасауды байыту қажет.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева педагогтар іс-құжаттарын тексертіп бекітсін. Бекітілген жоспар бойынша жұмыс жасалынсын.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Қаралған мәселелер жақсы деп танылсын.

Менгеруші

Хатшы




Б. Сеилова

Ж. Нурдилдаева